

-Какой смысл вкладывает русский человек в такие словосочетания, как *долгие песни ямщика, сердечная тоска, полевой простор*?

-Приведите примеры стихотворений и русских народных песен, где возникают любимые и значимые для русского человека образы колокольчика, жаворонка, поля, полевых цветов. Как в них отражается русский менталитет?

«Русскому человеку близки, казалось бы, такие далекие понятия, как «раздолье удалое» и «сердечная тоска». Поля и рощи, снега и дожди, реки и озера – все это вбирает емкое понятие – «русское раздолье». Но эта бесконечность русских равнин, нехватность русского поля, уходящие в горизонт степные просторы и теряющиеся в дали голубой проселочные дороги порождают какое-то смутное чувство необъяснимой тревоги, желаний неосознанных и поэтому неосуществимых. Это чувство понятно русскому человеку, и получило оно свое выражение в слове *тоска*» [1, с. 34].

Развитие лингвокультурологических компетенций у учащихся способствует воссозданию целостной картины духовной жизни народа, его уклада, традиций и обычаев. Достижению этой цели служит культурологический комментарий к некоторым ключевым лексическим единицам. Языковые единицы рассматриваются с точки зрения их национально-культурного содержания.

Основные идеи лингвокультурологической концепции находят все большее применение в практике обучения русскому языку.

### Список литературы:

1. Табакова З. Этнопоэтика. Диалог культур и языков, Германия, 2014г. – 137с.

**Мұсағалиева Арайлым Сәбитқызы**

тарих ғылымдарының докторы,  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, профессоры  
Астана қаласы.

**Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**

тарих ғылымдарының кандидаты  
Қостанай қаласы

## АЛТЫНСАРИНМЕН БІРГЕ ОҚЫҒАНДАР

### АННОТАЦИЯ

*Аталған мақала қазақтың белгілі ағартушы-ғалымы Ы.Алтынсарин оқыған Орынбор Шекара комиссиясы жанынан ашылған қазақ балаларына арналған мектептің ашылу тарихына арналған. Мұрағаттардағы құжаттарды талдау арқылы, сол уақыттардағы жарлықтар негізінде білім берудің басты мақсаты мен міндеттерін, пәндерді беру ерекшеліктері көрсетілген. Сонымен қатар мектепке алғаш қабылданған қазақ балаларының толық тізімі берілген.*

**Түйінді сөздер:** ереже, шекаралық комиссия, мектеп, кесте, тізім.

### АННОТАЦИЯ

*Данная статья посвящена истории создания школы для детей казахов при Оренбургской пограничной комиссии, где получил образование выдающийся педагог-просветитель Ы. Алтынсарин. На основе анализа нормативных документов, указов тех лет, раскрываются основные цели и задачи данного образовательного учреждения, особенности преподавания учебных дисциплин.*

**Ключевые слова:** положение, пограничная комиссия, школа, расписание, список.

### ABSTRACT

*In this article is considered the history of establishing the Kazakh student school overseeing by the Orenburgh Boundary Commission, where studied Y. Altynsarin the distinguished teacher-enlightener. On the basis of the normative documents analysis, decrees of those years, main objectives and tasks of this educational institution, feature of teaching subject matters are revealed.*

**Keywords:** Provision, The Boundary Commission, school, schedule, list

Патша өкіметі Орынбор шекара комиссиясы жанынан 1850 жылы қазақ балаларына арнап мектеп ашқаны белгілі. Ондағы мақсаты – Қазақ балаларына білім беріп, жоғары қызмет істеулеріне жағдай жасау емес, писерлер мен тілмәштар дайындау еді.

Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ балалары оқитын мектепке басшылық жасау жөніндегі нұсқаудың бірінші-екінші параграфтарында оқушылардың қазақ сұлтандары, би, старшындары мен карапайым отбасынан шыққандарының барлығы үкімет қарауына беріліп, мектепке тәрбиеленушілер қабылдау екі жыл сайын 22 тамызда жүргізілуі керектігі айтылған[1, 7 п.].

Нұсқаудың үшінші параграфында ордалықтар балаларын мектепке орналастыру үшін билеуші сұлтан мен Орынбор шекаралық комиссиясына өтініш берулері тиіс екендігі көрсетілсе, төртінші параграфында мұсылмандық ғибадатты атқарушыны Орынбор рухани мұсылмандар жиналысы таңдап, шекаралық комиссия ұсынысымен Орынбор әскери губернаторы бекітуі тиістігі, бесінші параграфында сабақ беретін мұғалімдерді орыс және татар тілдерін, көркем жазу мен арифметиканы жетік меңгерген Орынбор Неплюев кадет корпусы оқытушылары мен осы оқу орнында білім алғандар арасынан, немесе Қазан университетін бітірушілер қатарынан таңдап, оларды Орынбор әскери губернаторы рұқсатымен бекіту керектігі көрсетілген[1, 7 қ.п.].

Тергеу ісі мен кеңсе қағаздарын жүргізу оқытушыларын Шекаралық комиссиясы шенеуніктері қатарынан, солардың ішінде хатшылар арасынан комиссия төрағасы тағайындапты. Сондай-ақ гимнастика сабағын өткізу де жоспарланып, оған мұғалім Неплюев кадет корпусынан шақыртылыпты [2. 216 б.].

Орынбор шекаралық комиссиясының жанындағы қазақ балаларына арналған жеті жылдық мектеп туралы ережеде (14 маусым, 1844) мынадай пәндер оқытылуы керектігі көрсетілген: ислам заңдары, орыс тілі, оқу, таза жазу мен грамматика; Арифметика және есеп шотта санау тәсілі; татар тілі, іс жүргізу тәртібі және орыс тілі мен татар тілінде іс қағаздарын жазу.

Татар тілінен колледж хатшысы Бекчурин, орыс тілі мен арифметикадан титулярлық кеңесші Костромитинов, Мұхаммед заңынан Орынбор мешітінің ахуны Мусин сабақ берген. Дүйсенбі, сейсенбі күндері сабақ 9<sup>00</sup>-де басталып, сағат төртте, сәрсенбі, бейсенбіде сабақ сағат 9<sup>00</sup>-де басталып, 11<sup>00</sup>-де аяқталған. Сенбі, жексенбі күндері сабақ 9<sup>00</sup>-де басталып, сағат төртте аяқталған. [1, 9 - 9 қ.п.; 10 п.].

Аптасына өтетін 20 сабақтың сегізі орыс тілінде, алтауы татар тілінде жүргізілген.

Қазақ тілі атымен жоқ. Бұдан XIX ғасырдың 50-80 жылдарында қазақ даласында татар тілінің іс-қағаздар тілі болғанын, қазақ тіліне мән берілмегенін аңғару қиын емес. Бұл тілін ұмыттырып, дінінен тайдыру, ділінен айыру, сөйтіп шоқындыру айла-тәсілі еді.

Мектептің ашылу салтанаты жайында А.В.Васильев «Торғай облысындағы халық ағарту ісі және оның қазіргі күйі туралы очеркінде»: «Шекара комиссиясы жанындағы мектеп 1850 жылдың 22 августы күні салтанатты түрде ашылды, оған қырғыздардың барлық игі жақсылары, оқушылардың ата-аналары мен өзге туған-туысқандары қатысты, олардың бәріне мектепте қонақ асы берілді, сол қонақ асыға Орынбор қаласының барлық білікті адамдары қатысты,- деп жазды, - 23 күні қырғыздарға арналып, қаланың сыртында, халықтық мереке өткізілді, онда ат жарыс, күрес, жаяу жарыс өткізілді, қонақ асы берілді; түнге қарай фейерверк жағылды, оған дала тұрғындары таң-тамаша болып қарады» [3, 37-38 б.б.].

Бақылаушылар жалақысы – 400 сом; орыс тілі, көркем жазу, арифметика мұғалімінің жалақысы – 250 сом; татар тілі мұғалімінің жалақысы – 250 Мұхаммед заңдарынан оқытушы ахунның жалақысы – 100 сом; екі унтер – офицер әрқайсысы 80 сомнан 160 сом алып отырған. Барлық жалақы мөлшері жылына күміс 1110 сомды құрады. Тәрбиеленушілерді қамтамасыз ету үшін: тамаққа әрқайсысына 36 сомнан бөлгенде 1080 сом, киімге әрқайсысына 25 сомнан 750 сомды құрады. Барлығы – 1830 рубль. Жылу мен жарыққа, қызметкерлер жалдауға және басқа да шығындарға – 1000 сом. Штатқа бөлінген жалақының жалпы көлемі: 3940 сом болды [4].

1959 жылдан бастап мектепте орыс тарихы, математика, жалпы және орыс географиясы мен геометрияны оқыту енгізілді.

Оқу құралдары Халық ағарту министрлігі тарапынан қамтамасыз етіліп отырды. Бірақ сонымен бірге оқу орнының жарғысы бойынша мұғалімдер губерния туралы, оған қоса егін шаруашлығы жайлы мәліметтерді қосып, тарихи, метеорологиялық, топографиялық және статистикалық жазбалар жүргізуге міндеттенді.

Оқуға Орынбор өлкесінен 30 оқушы қабылданды. Олардың аты-жөні, неше жаста, кімдердің балалары екендігі Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ балаларына арналған жеті жылдық мектеп туралы ережеде таблица жасалынып берілген: Ибраһим Алтынсарин – жасы он бірде, әскери старшина Балғожа Жаңбыршиннің немересі, Едіге Айтоқин жасы он екіде, дистанциялық басшы Айтоқаның ұлы, Тілеу-Мұхаммед Саматов – жасы он екіде, Самат Әбілғазы Сұлтанның, Жүсіп Құлқаев – жасы он екіде, Құлықай Жәнібеков Сұлтанның (қайтыс болған), Смайыл Хисамутдинов – жасы он үште, құрметті қазақ Хисамутдин Байгиловтің, Ихсан Хисамутдинов – жасы он екіде, құрметті қазақ Хисамутдин Байгиловтің, Жақып Аманкелдин - жасы он екіде, би Мұңсызбай Сағыровтың, Қалиолла Құнанов – жасы он бірде, жергілікті басшы Құнан Тілеубердиннің, Момын Байдасов – жасы он екіде, Сегізбай Асқартов – жасы он бірде, Жолмұхамед Байжанов – жасы он екіде, Қалжан Қаржасов – жасы он екіде, Шахмұрат Құлыбеков – жасы он үште, Смағұл Битазов – жасы он бірде, Шаймұрат Көшербаев – жасы он үште, Аманжол Ұзақбаев – жасы он бірде, Құдабай Көпбергенов – жасы он төртте, Жұмағұл Жамбаев – жасы он екіде, қарапайым қазақтардың балалары. Бекболат Күнгірбаев – жасы он бірде, Тілеубай Жамантаев бидің туысы, Сүлеймен Мұхамедғалиев – жасы он бірде, Орданың батыс бөлігінің билеуші – сұлтаны әскери штаршын Мұхамедғали Тяукиннің, Сағиткерей және Әділкерей Күсепқалиевтер – жастары он төртте, Хурунжи Сұлтан Күсепқали Ормановтың, Өтебай Бердалин – жасы он төртте, Сұлтан Бердалы Сариевтің, Қаншуақ Байтоқов – жасы он бірде, би Байтоқ Айбасовтың, Аймұхамбет Шолақов – жасы он екіде, жергілікті басшы Шолақ Айбасовтың балалары [1, 1 - 4, 7 п.].

Бұл тізімдеме 26 оқушының аты-жөні бар. Ал қабылданғандар саны - 30 шамасы үш бала сәл кейін қосылған тәрізді. Өйткені олардың аты-жөні мектеп бітіргендердің ішінде бар. Олар – Тоқтамыс Қосуақов, Айтмұхамед Дербісов және Мырзағали Бахтияров.

Мектепте 1857 жылы 20 қазақ баласы оқып шықса, солардың бесеуі – Шахмұрат Құлыбеков (Ақтөбенің Ырғыз ауданынан), Тоқтамыс Қосуақов (Ақтөбенің Темір ауданынан), Нұрым Мұңсызбаев (Қостанайдан), Ибраһим Алтынсарин (Қостанайдан), Шахмұрат Көшербаев (Қостанайдан) үздік бітірген. Бұл бес балаға да 1858 жылы 8 қазанда Орынбор жеке корпусы бұйрығымен Муафик – Хорунжий лауазымы берілген (Хорунжий – әскери шен. Оған зауряд қосылса, әскери емес, билеуші).

Қалған он бес оқушы: Аймұхаммед Дербісов (Қостанайдан), Халиолла Қожанов (Қостанайдан), Мерғали Бахтияров (Оралдан), Момын Байдосов (Қостанайдан), Әділгерей Күсенғалиев (Оралдан), Ханшуақ Байтоқов (Оралдан), Сақыпкерей Күсенғалиев (Оралдан), Сегізбай Ақсартов (Қайдан екені жазылмаған), Қалжан Қаржасов (Қостанайдан), Құдабай Көпбергенов (Қостанайдан), Едіге Айтоқин (Қостанайдан), Тілеумағанбет Саматов (Ақтөбеден), Өтебай Бердалин (Оралдан), Сүлеймен Мұхамедғалиев (Оралдан), Жолмұхаммед Байжанов (Қостанайдан) [5].

Мектепті бітіруге тиіс 20 бала болса, олардың 8-і келесі жылға қалдырылады.

Орынборға Ыбыраймен бірге Жанбайұлы Жұмағұл, Байдосұлы Момын, Амангелдіұлы Жақып, Айтоқаұлы Едіге, Байжанұлы Жолмұқанбет, Мұңсызбайұлы Нұрым, Ақсартұлы Сегізбай, Қаржасұлы Құлжан, Көпбергеноұлы Құдабай, Көшербайұлы Шамұрат барады.

1859 жылы бұрынғы шекара комиссиясы Орынбор облыстық басқармасы делініп өзгертіледі. Осы басқарма жанындағы мектеп оқушыларының саны қырыққа, 1863 жылы елуге жеткізіледі. Мектеп 1868 жылы 2 желтоқсанда жабылады. 19 жылда 48 бала бітіріп шығыпты.

1888 жылдан 1901 жылға дейін Омбыдан шығып тұрған «Дала уалаятының газеті» қазақтардың ұлттық саясатын оятатын дерек көздері басылуы себепті, бұл құбылыстан сескенген проф. Ильминскийдің ұсынысы бойынша жабылып қалған еді» [М.Мырзахметұлы], сол сияқты бұл мектептің жабылу себепін де түсінуге болады.

Төрт бала Орынбор шекара комиссиясында қызметке қалдырылады да, көбісі дистанция бастықтарына хат-қағаз жүргізуші болып тағайындалады. 1857 жылы үздік оқыған – Ыбырай Алтынсарин, Нұрым Мұңсызбаев пен Шахмұрат Құлыбеков жаңадан сахарада ашылған мектептерге сабақ беруге жіберіледі. Ыбырай Орынбор бекінісіне (Торғайға), Шахмұрат Орал бекінісіне (Ырғызға), Нұрымның қайда жіберілгені белгісіз. Ильминский Ыбырай жайындағы естелігінде үшеуінен басқа тағы бір адамның мұғалімдікке жіберілгенін айтады, бірақ аты-жөнін атамайды.

Жолмұқанбет Байжанов оқуды бітірген соң 1862 жылы қыркүйекте Орынбор – Самарск генерал-губернаторының шешімімен Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмәш етіп жіберіледі. жасы 25 те. Бұрынғы Зверноголовск бекінісінің маңайындағы өртті сөндіріп, ерлік танытқаны үшін Орынбор және Самарск генерал-губернаторының қолынан шұғадан тігіліп, алтын жалатылған қафтан алады [6, 277 б.]

Бибісара Мұстафина деген татар қызына үйленеді [7].

Х.Байтоқов 1857 жылы 14 қазанда 8 қазақ дистанциясының екінші жартысының бастығына хат-қағаз жүргізуші қызметіне жіберіледі. 1862 жылы 12 сәуірде 8 қазақ дистанциясының бірінші жартысының бастығы болып тағайындалады. 1864 жылдың 2 шілдесінде Орынбор-Самарск губернаторының тілмашы, 1864 жылдың 20 шілдесінде Орынбор жеке корпусының №201 –бұйрығымен үздік қызмет үшін зауряд-хорунжий шені беріледі [6, 278-279 б.б. ].

Осы кітапта «Ө.Бердалин төре тұқымынан, жасы жиырмада. Ата-анасымен бірге тұрады. Шыңғырлау өзені бойын жайлайды, қыста зотон корпусының қарсы бетін қыстайды. Орыс және татар тілдерін біледі, 17 июль, 1857 жылы Орынбор Шекара комиссиясы жанындағы қазақ балаларына арналған мектепті бітірген. 8928 номерлі куәлігі бар» [6, 268 б.] , -делінеді.

А.Шолақов «Табын руының Абыз бөлімінен, жазда Шаңғырлау өзені бойын жайлап, қыс Елек қаласы маңында болады, ата-анасының жанында , жасы 22-де, орыс және татар тілдерін біледі. Орынбор шекарасы жанындағы қазақтарға арналғын мектепте тәрбиеленген, үйленген, бір қызы бар», - деп жазылыпты.

Аймұхамед Шолақов – даланың Батыс жағы билеушісінің көмекшісі зауряд-хорунжий Шолақ Айбасовтың ұлы. 1873 жылы қазақ альфавитін жасау үшін комиссия құрылғанда оны жасауға Ы.Алтынсаринмен бірге ұсынылған Ержан Шолақовтың інісі. Ал, полковник Мұхамедғали Таукиннің ұлы Сүлеймен Мұхамедғалиев аталған мектепті тәмәмдағаннан кейін Орынбордағы Неплюев әскери училищесін бітірген

Шахмұрат Құлыбеков – Қазіргі Ақтөбе облысы аймағында бірінші рет 1864 жылдың 25 қазанында Ырғызда бастауыш мектеп ашылып, сонда бірнеше жыл мұғалім болған. Мектепте 14 бала оқыған. Мектепте сабақ беруге жағдайы келмегендіктен Шекара комиссиясына тілмаш болып орналасыпты.

Т.Қосуақовты оқуды бітірген жылы 28 қазанда Орынбор облыстық 57 қазақ дистанциясына хат-қағаз жүргізуші етіп жібереді. Сол 1857 жылы 12 желтоқсанда облыс басқармасында практикадан өтіп келіп 1858 жылы 8 қазанда зауряд-харунжий шеніне жоғарлатылады. 1860 жылы 57-қазақ дистанциясының бастығы болып, 1862 жылы 1-мамырда он бірінші дистанцияның бастығы қызметіне ауыстырылады [8].

«...Тоқтамыс Қосуақовқа бір қақтығыста орыс әскерінің оғы өндірішегінен тиіп содан қаза болыпты, басқаларының қандай қызметте болғандары белгісіз» [9].

Торғай облысының ауылдары мен қалаларында мектеп ашуға Ыбырай Алтынсарин қаржы жинағанда 4 адамның бірі болып Құлыбековтің 100 сом ақша бергені айтылады.

1887 жылы 15 қыркүйекте Қазақстанда тұңғыш рет Ақтөбе облысының Ырғыз ауданының орталығында бір кластық әйелдер училищесі ашылып, оған алғаш 17 қыз



кабылданыпты. 1888 жылы училище жанынан қазақ қыздары үшін 18 орындық интернат ашылған. «Бұл училищеге Қостанай, Торғай, Ақтөбе уездері қазақтарының қыздары да келіп оқыған. Осы училищенің ашылуына Ы.Алтынсарин бастаған қазақ зиялылары атсалысқан. Олардың арасында Әлмұхамед Сейдалин, Шахмұрат Құлыбеков рухани қолдап, қаражаттай да демеушілік көрсетіп отырған» [10].

1859 жылдың қысында Н. Ильминский қазақтың атақты жырауы Марабай Құлжабайұлынан «Ер Тарғын» жырын жазып алып, 1862 жылы Қазанда жеке кітап етіп шығарғаны белгілі. Марабайдың айтуымен жырды татар әрпімен қағазға түсірген осы Ш.Құлыбеков екен. Бұл жайында Н.И.Ильминский Ы.Алтынсарин жайындағы естелігінде былайша сыр шертеді: «1859 жылдың қысында батыс жақтағы Марабай (суырып салма, шешен) жайында естіп, В.В. Григорьевтен Орынборға шақыруын өтіндім. Бірақ жайлы пәтер, қазынаның тегін күтіміне қарамастан дала ақыны өзін бұл жерде тордағы құстай сезініп, қаладан кеткенше асықты. Марабайдың айтуымен Құлыбеков татар әрпімен «Ер Тарғын» жырын әрең дегенде жазып үлгірді». Бұл айтылғандардан біз Шахмұрат Құлыбековтің де Ыбырай сияқты қазақ балаларының оқып, білім алуына жағдай жасағанын, мұғалім болғанын, мектептерге үнемі жанашырлық жасап, өз қалтасынан қаржы-қаражат беріп отырғанын, сауаттылығын байқаймыз.

Ыбырай Торғайда мектеп ашуға 1960 жылы кірісіп, он тоғыз жыл ішінде он бір мектеп ашқан. Бұл оңай шаруа емес. Бір шеті мен екінші шетіне ұшса құс қанаты талатын Торғай облысының ауылдарын қысы-жазы аралап, жалынып- жалпайып жұрттан тиындап ақша жинау үшін шыдам керек. Оның үстіне қараңғы халықтың көбі үмітпен емес, күдікпен қарап, «балаларымызды шоқындырып жібереді» деуі, өзін «шоқынды» атауы жүрегіне инедей қадалады. Түсінгендері қолдарынан келген көмектерін аямай, барын ұсынады, отын, кірпіш дайындауына қолұшын береді. Ең сорақысы- чиновниктердің шовенистік көзқарастары, қазақ даласында мектептер салуға қарсылығы, аяқтан шалып, қудалауы, өтірік-өсек қаулатуы... Осының бәріне төзіп, қолға алған ісін тоқтатпауы- Ыбырайдың ерлігі, елін шексіз сүйгендігі!

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Копия инструкции к положению о школе для киргизских детей при Оренбургской пограничной комиссии // ОрОММ. 6-қ. 10- тізімдеме. 5561/2-іс.
2. Материалы по истории политического строя Казахстана (со времен присоединения Казахстана к России до Великой Октябрьско – Социалистической революции). Т.1. – Алма-Ата: 1960, – 442 с.
3. Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в тургайской области и современное его состояние. –Оренбург, 1896 – 72
4. Ведомость прихода, расхода и остатка сумм, введенной Оренбургской пограничной комиссии // ОрОММ, 222 - қ. – 1 - т. – 14 – іс
5. Орынбор архиві, 6 қор, 10 тізбе, 7325 «а» іс
6. История Казахстана а русских истогниках XVI-XX веков. VII том. Часть 2. Алматы «Дайк-Пресс» 2006. -267-269, 278-279 б.б.
7. ЦГА РК Ф. И-4.Оп.1.Д.3100.Л.259-262].
8. ЦГА РК.Ф.И-4.Оп.1.Д.3104.Л.1-4].
9. Ахмедов Ф. «Алаш «Алаш» болғанда», Алматы. «Жалын» 1996. -120 – 121 б.б.
10. «Ақтөбе энциклопедиясы», Ақтөбе, 2001. -732 б.